

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 5 қыркүйектегі № 14 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2018 жылғы 9 қазанды № 17508 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде бұйрықтың осы тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

T. Сүлейменов

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

2018 жыл

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестиациялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестиацияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 129 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9938 болып тіркелген, 2014 жылғы 19 желтоқсанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік инвестиациялық жобаның инвестиациялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестиацияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидаларында:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. МИЖ-дің инвестиациялық ұсыныстары мынадай құжаттарды қамтиды:

- 1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестиациялық ұсыныстың ақпараттық параграфы;
- 2) инвестиациялық ұсыныстың салалық сараптамасының қорытындысы;
- 3) МИЖ қаржыландырудың ықтимал түрлері мен тәсілдері бойынша есептеулер (бюджеттік инвестиациялық жоба, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестиациялар, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы, оның ішінде концессиялық жоба, бюджеттік кредит, жеке инвестиациялар)

4) МИЖ құнының есептеулері мен негіздемелері (құрылыш нормативтеріне не ақпараттық жүйелерді құруға, дамытуға және сүйемелдеуге арналған шығындар нормативтеріне сәйкес);

5) егер инвестиациялық жоба ТЭН әзірлеуді талап етпеген жағдайда, инвестиациялық ұсынысқа қосымша жобалауға арналған техникалық тапсырма ұсынылады;

6) БИЖ ТЭН-і, Инвестициялар КЭН-і, бюджеттік кредиттеудің ТЭН-і не КЭН-і түзетілген жағдайда:

БИЖ ТЭН не Инвестициялардың КЭН бойынша техникалық шешімдердің және (немесе) қосымша шығыстардың болжамды өзгерістері көрсетілген салыстырma кесте,

сондай-ақ бекітілген БИЖ ТЭН не Инвестициялардың ҚЭН (жаңа объектілердің құруға (салуға) не бар объектілерді реконструкциялауға бағытталған Инвестицияларды жүзеге асыру кезінде бекітілген Инвестициялар ҚЭН-інің құрамында бекітілген ТЭН (осы Қағидаларға сәйкес өзірленген) немесе бекітілген жобалау-сметалық құжаттама (бұдан әрі - ЖСК);

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" 2015 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бюджет қаражатының маңызды пайдаланылуы тұрғысынан, сондай-ақ құжаттар ұсынылған күннен бастап 6 (алты) айдан кешіктірмей егер тіркелген жоба бойынша қаржыландыру басталса бұзушылықтардың жоқ екені туралы ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның актісі;

құрамдауыштар және оларды өзірлеу мерзімдері бөлінісінде БИЖ ТЭН-ін не Инвестициялар ҚЭН-ін, бюджеттік кредиттеудің ТЭН-ін не ҚЭН-ін түзету, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу құнының есеп-негіздемесі;

егер МИЖ шет мемлекеттердің аумағында іске асырылатын жағдайда, оның аумағында осы жоба іске асырылатын мемлекеттің құрылымы саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген көрсетілген заңнаманың мәтінін қоса бере отырып, мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріне аудармасын қамтамасыз ете отырып, МИЖ-дің бастапқы және түзетуге ұсынылатын құнын растайтын тиісті құжаттар ұсынылады;

бұрын бекітілген бюджеттік инвестициялардың ТЭН-нің және (немесе) ЖСК-ның жобалық шешімдеріне енгізілетін болжамды өзгерістердің орындылығы туралы ведомстводан тыс кешенді сараптаманың хаты;

бекітілген БИЖ-дің ТЭН-інде не Инвестициялардың ҚЭН-інде көрсетілген көрсеткіштерге қол жеткізу не қол жеткізбеу туралы ақпаратты қамтитын, оның ішінде бөлінген бюджет қаражатын толық игерген кезде қол жеткізбеу себептері көрсетілген түсіндірме жазба;

7) квазимемлекеттік сектор субъектілері занды тұлғалардың активтерін, атап айтқанда жарғылық капиталының үлестерін сатып алған жағдайда:

егер активтердің құны ағымдағы бағамен 1300000 (бір миллион үш жүз мың) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын болса, тәуелсіз бағалау компаниялары;

егер активтердің құны ағымдағы бағамен 1300000 (бір миллион үш жүз мың) айлық есептік көрсеткіштен асатын болса, халықаралық кәсіптік бағалаушылар ұйымдары дайындаған осы активтердің құнын бағалаудың қорытындысын ұсыну қажет;

8) егер ББӘ МИЖ-ді занды тұлғаның жарғылық капиталын ұлғайту арқылы іске асыруды ұсынған жағдайда, электрондық порталға, сондай-ақ осы Қағидаларға 1-1-қосымшага сәйкес нысан бойынша қағаз және электрондық жеткізгіштерде

ұсынылатын бес жылдық кезеңге арналған іске асырылған, іске асырылып жатқан және іске асырылуы жоспарланған инвестициялық жобалар бойынша квазимемлекеттік сектор субъектісінің инвестициялық картасы қосымша ұсынылады;

9) акциялардың (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері) 50%-нан астамы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі заңды тұлғаның жарғылық капиталын қалыптастырған жағдайда, Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің нормаларына сәйкес монополияға қарсы органның шешімі қосымша ұсынылады;

10) заңды тұлға жоспарланатын кезең алдындағы кезеңдерде шығынды болған жағдайда заңды тұлғаның атқарушы органы бекіткен заңды тұлғаны қаржылық-экономикалық сауықтыру жоспары ұсынылады;

11) аяқталмаған құрылыш объектісін аяқтауға бағытталған бюджеттік инвестицияларды іске асырган жағдайда техникалық зерттеп-қараумен және техникалық қадағалау қорытындысымен расталған аяқталмаған құрылыштың жай-күйі туралы мәліметтер қосымша ұсынылады.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Бюджеттік инвестицияларды түзетуге арналған инвестициялық ұсыныс:

- 1) БИЖ ТЭН-і түзетілген;
- 2) Инвестициялар ҚЭН-і түзетілген;
- 3) бюджеттік кредиттеу ТЭН-ні не ҚЭН-ні түзетілген;
- 4) егер БИЖ ТЭН, Инвестициялар ҚЭН-ін, бюджеттік кредиттің

ТЭН-ін не ҚЭН-ін қарau қорытындысы бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның қорытындысында МИЖ іске асырудың басқа түрлері мен тәсілдері ұсынылған жағдайдаған әзірленеді.

Бюджеттік инвестицияларды түзетуге арналған инвестициялық ұсыныс бұрын енгізілген оң экономикалық қорытындысы бар біртекті (біртипті) МИЖ бойынша инвестициялық ұсыныстан техникалық-экономикалық параметрлерін өзгерту болжанатын жоба бойынша ұсынылады. Техникалық-экономикалық параметрлерін өзгерту болжанбайтын жобалар бойынша түзетілген инвестициялық ұсыныс енгізу талап етілмейді.";

93-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"93-1. ТЭН бекітілгеннен кейін үш жыл ішінде ЖСҚ әзірлеу немесе жобаны іске асыру басталмаған (әзірленбеген), оның ішінде түзетілген БИЖ ТЭН-ге арналған экономикалық қорытынды ескірген болып есептеледі.";

115-тармақта:

төртінші бөліктің 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) ББӘ - мемлекеттік органның бірінші басшысы не оны алмастыратын адам не ББӘ - мемлекеттік органның бірінші басшысы әрбір БИЖ бойынша жеке уәкілеттік берген тұлға қол қойған және мөрмен расталған, осы Қағидаларға 16-қосымшага сәйкес нысан бойынша электрондық порталға, сондай-ақ қағаз және электрондық

жеткізгіштерде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынылатын, сметалық құнын ұлғайту болжанатын жобалар бойынша салыстырма кесте мен құжаттама тізбесі;";

оныншы бөліктің 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) ББӘ - мемлекеттік органның бірінші басшысы не оны алмастыратын адам не ББӘ - мемлекеттік органның бірінші басшысы әрбір БИЖ бойынша жеке уәкілеттік берген тұлға қол қойған және мөрмен расталған, осы Қағидаларға 16-қосымшага сәйкес нысан бойынша электрондық порталға, сондай-ақ қағаз және электрондық жеткізгіштерде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынылатын, сметалық құнын ұлғайту болжанатын жобалар бойынша салыстырмалы кесте мен құжаттама тізбесі;";

129-тармақтың алтыншы және жетінші бөліктері алып тасталсын;

138-тармақтың сегізінші бөлігі алып тасталсын;

150-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"150. Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 154-бабының 7-тармағына сәйкес түзету бойынша рәсімдер жүргізу кезінде бюджет заңнамасында белгіленген рәсімдер сақталмай бөлінген Инвестицияларды түзету қажет болған жағдайда бекітілген Инвестициялар ҚЭН-ін ұсыну, сондай-ақ экономикалық сараптама жүргізу және экономикалық қорытынды ұсыну талап етілмейді.";

151-тармақтың оныншы бөлігінің он бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын :

"Инвестициялар ҚЭН-ін түзетудің орындылығы туралы тиісті бюджет комиссиясы шешімінің көшірмесі;"

161-тармақ алып тасталсын;

162-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"162. Осы Қағидалардың 122-тармағында көрсетілген құрылымға сәйкес келмеуі және (немесе) осы Қағидалардың 123-137-тармақтарында көрсетілген бөлімдердің, тараулардың және параграфтардың болмауы және (немесе) осы Қағидалардың 138, 140-142-тармақтарында көрсетілген құжаттардың болмауы анықталған жағдайда, Инвестициялардың экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар айқындаған тиісті заңды тұлға 15 (он бес) жұмыс күні ішінде (жарғылық капиталын ең аз мөлшерде қалыптастыруға Инвестициялар берілген жағдайда 5 (бес) жұмыс күні ішінде) Инвестициялардың экономикалық сараптамасының нәтижелері бойынша қажетті/ пысықталған ақпараттарды ұсыну және/немесе жүргізілген сараптамаларда қамтылмаған немесе толық қамтылмаған мәселелер бойынша қосымша сараптама жүргізу бойынша сұрату (бұдан әрі - Сұрату) дайындейды.

Сұрату жіберілген күннен бастап және қажетті ақпарат ұсынылғанға дейін экономикалық сараптама жүргізу мерзімдері тоқтатыла тұрады.

ББӘ хаттың және Сұратудың сканерленген көшірмелерін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қажетті ақпаратты ұсынады немесе ақпарат ұсыну үшін қосымша, бірақ 25 (жиырма бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзім қажеттігі туралы хабарлайды. Мерзімдерін ұзарту туралы хабарламаны ББӘ жазбаша түрде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға және:

Инвестициялар республикалық бюджет қаражаты есебінен болған жағдайда, Инвестициялардың экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған занды тұлғаға;

Инвестициялар жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен болған жағдайда, Инвестициялардың экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға жергілікті атқарушы орган айқындаған занды тұлғаға жібереді.

Хабарламаға құзыретіне Инвестициялар ҚЭН-ін дайындау кіретін ББӘ-нің құрылымдық бөлімшесінің басшысы қол қояды. Хабарламаға күні қойылады және оның шығыс нөмірі болады.

ББӘ қосымша ақпарат ұсыну үшін қосымша мерзім қажеттігі туралы хабарлама жіберген жағдайда, экономикалық сараптаманы жүргізу мерзімі тоқтатыла тұрады.

Қосымша материалдар ұсынылған кезде олардың толық тізбесі көрсетіледі, оның ішінде осы Қағидалардың 122-тармағында көрсетілген құрылымға сәйкес Инвестициялар ҚЭН-і ұсынылған жағдайда, бұрын ұсынылған Инвестициялар ҚЭН-інің кері қайтару туралы көрсетіледі.

Белгіленген мерзімдерде қосымша материалдардың ұсынылмауы Инвестициялар ҚЭН-ін Қорытындыны жасамай, кері қайтару үшін негіз болып табылады. Инвестициялар ҚЭН-і мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға сканерленген көшірмелерді ұсынудың белгіленген мерзімі өткен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде хатпен қайтарылады.

Осы Қағидалардың 122-138-тармақтарында көзделген құрылымға сәйкес келмеу және (немесе) бөлімдердің, тараулар мен параграфтардың және (немесе) құжаттардың болмауы қайта анықталған жағдайда, Инвестициялар ҚЭН-і қосымша материалдардың сканерленген көшірмелері алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға, Сұратуды қоса бере отырып, Қорытынды жасалмай хатпен қайтарылады.

ҚЭН-нің, бөлімдердің, тараулардың және параграфтардың жаңа редакциясын, сондай-ақ ҚЭН-нің мынадай параметрлерін: инвестициялар паспортындағы деректерді, инвестициялар нәтижелерін, қатысуышылар арасындағы бюджеттік ақша ағындарын, шығыстар мен кірістер сомаларын, нарық сыйымдылығын, сұраныс көлемін, өндіріс жоспары мен іске асыру жоспарының көрсеткіштерін өзгертеретін ақпарат енгізілген жағдайда, инвестициялардың экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға Қазақстан

Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы орган айқындаған заңды тұлғаны, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органды кейіннен хабардар ете отырып, сараптама жүргізу мерзімі ББӘ-нің қағаз форматтағы хатын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күніне дейінгі мерзімге ұзартылуы мүмкін.";

163 және 164-тармақтар алып тасталсын;

168 және 169-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"168. "Тұжырымдар" деген бөлім мынадай құрылымға сәйкес келеді:

1) "Негізділік" деген тарау, Инвестициялар көлемдерін, оның ішінде жылдар бойынша растау немесе растамау туралы, сондай-ақ баламалы көздерден қаржыландыру мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы ақпарат келтіріледі;

2) "Нәтижелілік" деген тарау, онда Инвестициялардың экономикалық, қаржылық тиімділігі, тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы ақпарат келтіріледі.";

"169. "Қорытындылар" деген бөлімде Инвестициялардың, оның ішінде іс-шаралардың және инвестициялық кезеңнің жылдары бөлінісінде расталған көлемін көрсете отырып, іс-шаралардың өлшемшарттарына сәйкестігіне қатысты пікір айтылады, бұл ретте:

1) оң қорытынды, егер іс-шаралар өлшемшарттарға сәйкес келсе;

2) іс-шаралар бір немесе екі өлшемшартқа сәйкес келмегенде теріс қорытынды не МИЖ іске асырудың басқа түрлері мен тәсілдері айқындалса;

3) іс-шаралар өлшемшарттарға сәйкес келсе ескертпелері бар оң қорытынды, алайда экономикалық сараптама жүргізу барысында төменде келтірілген тізбемен шектелмей, мынадай фактілер анықталғанда:

бұрын жасалған Инвестицияларға байланысты тікелей және (немесе) түпкілікті нәтижелерге қол жеткізілмеген;

Инвестициялар Алушы қызметінің үздіксіздігі мүмкіндігіне күмән туындаған кезде.

Төменде қатысуышылар қызметінің үздіксіздігіне жеке алғанда немесе жиынтығында күмән тудыруы мүмкін оқиғалар мен жағдайлар мысалы келтіріледі.

Қаржылық оқиғалар немесе жағдайлар:

ағымдағы міндеттемелердің ағымдағы активтерден артық болуы;

өтеу мерзімі жақындаған міндеттемелердің болуы, оларды өтеудің немесе қарыз мерзімін ұзарту перспективасы нақты болмаған жағдайда;

ағымдағы қарыздардың есебінен ұзак мерзімді активтерді қаржыландыру;

борышкерлердің өтеу мерзімі өткен талаптарының елеулі сомасының болуы;

қаржылық есептілікте берілген деректермен расталған операциялық қызмет бойынша теріс сальдо;

қаржылық есептілікте берілген деректермен расталған жалпы пайданың теріс мәні және (немесе) шығындардың болуы;

ақша тұсімдерін алушың негізі ретінде қолданылатын активтер құнының едәуір төмендеуі;

орындалу мерзімі өткен міндеттердің елеулі сомасының болуы;

өнімдерді жеткізу бойынша шарттардың талаптарын сақтау қабілетсіздігі;

Инвестициялар Алушының қаржылық жағдайының талдауы Инвестициялар Алушыда қосылған құн салығы (бұдан әрі - ҚҚС) бойынша шығыстарды дербес төлеу мүмкіндігі бар екендігін көрсеткен жағдайда, сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтер бойынша ҚҚС сомасының Инвестициялар көлемінен алып тасталуы;

капиталдандырылатын болып табылмайтын шығыстардың Инвестициялар көлемінен алып тасталуы.

Операциялық оқиғалар немесе шарттар:

лайықты ауысымы жоқ негізгі басқарушылық персоналдың кетуі;

негізгі нарықты, франшиزانы, лицензияларды, негізгі өнім берушілерді немесе тұтынушыларды жоғалту;

өнім бағаларының төмендеуі немесе өнім берушілердің өніміне бағаның арттуы.

Басқа да оқиғалар немесе шарттар:

пруденциялық нормативтердің орындалмауы;

жасалған шарттарға, оның ішінде қарыздарға сәйкес белгіленген ковенанттардың орындалмауы;

қатысуышылардың қаржы-шаруашылық қызметіне теріс ықпал етуі мүмкін Қазақстан Республикасы заннамасының талаптары.

Ескертпелері бар оң қорытындыда ескертпелері бар пікір білдіруге ықпал еткен факторлар сипатталады.

Экономикалық қорытындының ескертпелері тиісті жобаны басқару жоспары шенберінде Инвестицияларды іске асыру кезінде ескеріледі.";

3-тaraудың 12-параграфы алып тасталын;

182-5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"182-5. Республикалық бюджеттен, облыстық және аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерден берілетін бюджеттік кредиттер бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға, мемлекеттің әлеуметтік саясатының міндеттерін шешуге және қаржы жылы ішінде қолма-қол ақшаның болжамды тапшылығы жағдайында тиісінше облыстық бюджеттерге, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне, аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттеріне берілуі мүмкін .";

182-16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"182-16. Облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына бюджеттік кредиттер бойынша сыйақы

мөлшерлемесі 182-14-тармақтың талаптарын ескере отырып, бірақ жоғары бюджет берген мөлшерлемеден төмен емес мөлшерде кредитордың шешімімен белгіленеді.";

182-18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"182-18. Бюджеттік инвестициялық жобаларды бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау үшін жергілікті бюджеттік бағдарлама әкімшісі мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға негіздейтін құжаттаманы ұсынады, онда мыналар қамтылуы тиіс:

1) бюджеттік кредиттеу есебінен қаржыландыруға ұсынылатын шығыстар мен іс-шаралар түрлері бойынша есептеулер;

2) жобаны іске асыру мақсатында бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау үшін негіздейтін ақпарат:

жобаны іске асыруға арналған шығындар көлемін растау;

тиісті салада іске асырылатын, оның ішінде екінші деңгейдегі банктердің кредиттерін тарту есебінен жобаларды қаржыландыру көздерін талдау;

кредиттеу шарттарын негіздеу (оның ішінде мерзімі, сыйақы мөлшерлемесі, кредит сомасы және оны өтеу кестесі);

түпкілікті қарыз алушыларды кредиттеу шарттарын негіздеу (мұндай болған жағдайда);

3) саланы дамыту басымдықтарына сәйкес келуі, сондай-ақ бюджеттік кредиттеу арқылы іс-шараларды іске асырудың онтайлы нұсқасын таңдау тұрғысынан тиісті салалық сараптаманың түсіндірме жазбасы және қорытындысы. Объектіні пайдалануға беру шығындары болған жағдайда тиісті салалық сараптаманың қорытындысында ақпаратты көрсету қажет;

4) техникалық-экономикалық негіздеме;

5) құрылыш қызметін көздейтін іс-шаралар болған жағдайда, техникалық-экономикалық негіздемеге ведомстводан тыс кешенді сараптаманың қорытындысы, оның ішінде техникалық шарттар бойынша құжаттардың көшірмелері (қажет болған кезде жер участкерінің иелері мен жер пайдаланушылар шығындарының , алғы қойылатын алқаптардың түріне байланысты ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы өндірісі шығындарының есептеулері қоса беріледі) және қазіргі объектілерді реконструкциялауды болжайтын жобалар бойынша жылжымайтын мүліктің тиісті құқық белгілейтін құжаттарының көшірмелері ұсынылады.";

182-40-тармақтың екінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) бюджеттік кредит есебінен іске асырылатын жобаның тиімділігін талдау.

Осы тарауда мынадай көрсеткіштерді есептеу нәтижелерінің сипаттамасын ұсыну қажет:

өтемділіктің қарапайым мерзімі (payback period, PP);

өтемділіктің дисконтталған кезеңі (discounted payback period, DPP);

таза дисконтталған кіріс (net present value, NPV);

ішкі кірістілік нормасы (internal rate of return, IRR);

кірістілік индексі (profitability index, PI).

Көрсеткіштерді есептеу осы Қағидаларға 47-қосымшаға сәйкес жүргізіледі;

Қаржылық агенттіктерді бюджеттік кредиттеу кезінде, егер қаржылық модельде дисконттау мөлшерлемесі түпкілікті қарыз алушының сыйақы мөлшерлемесінен жоғары деңгейде қолданылған жағдайда, таза дисконталған кірістің нөлден аз мәніне ($NPV < 0$) жол беріледі.

Бұл ретте, мұндай дисконттау мөлшерлемесін қолдану негізделген болуы тиіс;";

182-44, 182-45, 182-46 және 182-47-тармақтар мынадай редакцияда жазылды:

"182-44. Бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау үшін ББӘ мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға осы Қағидалардың 182-36-тармағына сәйкес өзірленген бюджеттік кредиттің ҚЭН-і бойынша құжаттар топтамасын ұсынады.

Бюджеттік кредиттің ҚЭН-і бойынша құжаттар топтамасын қарау мерзімі мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға келіп түскен күнінен бастап 45 (қырық бес) жұмыс күнін құрайды."

182-45. ББӘ-ден құжаттар топтамасы түскен күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган оны экономикалық сараптама жүргізу үшін, тиісінше:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бюджеттік кредиттің ҚЭН-нің экономикалық сараптамасын, оның ішінде түзетілгенін жүзеге асыруға айқындаған занды тұлғага;

2) Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары бюджеттік кредиттің, оның ішінде түзетілге ҚЭН-нің экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға айқындаған занды тұлғаларға жібереді.

182-46. Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар айқындастын занды тұлғаның бюджеттік кредит ҚЭН-нің, оның ішінде түзетілгенінің экономикалық сараптамасы бюджеттік кредиттің ҚЭН-і бойынша, оның ішінде түзетілгені бойынша құжаттар топтамасы ұсынылған күнінен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Бюджеттік кредит ҚЭН-нің экономикалық сараптамасы ұсынылған бюджеттік кредит ҚЭН-нің және жобаның ерекшелігіне байланысты талап етіletін сараптамалардың тиісті оң қорытындыларының негізінде жүргізіледі.

Жүргізілген сараптамаларда және/немесе тәуелсіз сараптамада, сондай-ақ берілген құжаттамада қамтылмаған немесе толық қамтылмаған мәселелер бойынша қосымша ақпарат ұсыну және (немесе) қосымша сараптама жүргізу қажет болған жағдайда, бюджеттік кредит ҚЭН-нің, оның ішінде түзетілген ҚЭН-нің экономикалық

сараптамасын, жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар айқындаған тиісті занды тұлғалар тиісті ақпаратты сұратады және (немесе) қосымша сараптамалар жүргізуді сұрайды.

Қосымша ақпаратқа қатысушылардың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органға бюджеттік кредит ҚЭН-нің, оның ішінде түзетілгенін ҚЭН-ін енгізуі алдындағы айдың соңғы күніне жасалған қаржылық есептілігі, сондай-ақ қаржылық есептілікке түсіндірме жазбалар жатады.

Қосымша сараптамаларға:

- 1) кешенді ведомстводан тыс сараптама;
- 2) уәкілетті мемлекеттік органның салалық сараптамасы жатады.

Қажетті ақпаратты ұсыну және/немесе жүргізілген сараптамаларда қамтылмаған немесе толық қамтылмаған мәселелер бойынша қосымша сараптамалар жүргізу бойынша сұрау салулар тиісті бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне, сұрау салудың көшірмесі - осы Қағидалардың 182-36-тармағында көрсетілген құжаттардың толық топтамасы түскен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға жіберіледі.

ББӘ ресми хат түрінде сұрау салу түскен сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қажетті ақпаратты бюджеттік кредит ҚЭН-нің, оның ішінде түзетілген ҚЭН-нің экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы органдар айқындаған занды тұлғага ұсынады немесе ақпаратты ұсыну үшін қосымша, бірақ 25 (жиырма бес) жұмыс күннен аспайтын мерзім қажеттігі туралы хабарлайды.

Экономикалық сараптама жүргізу мерзімі ұзартылған жағдайда, бюджеттік кредит ҚЭН-нің, оның ішінде түзетілгенін ҚЭН-нің экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар айқындаған занды тұлға ББӘ хатын қоса бере отырып, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға экономикалық сараптама жүргізудің ұзартылғаны туралы хабарлайды.

Сұрау салу жіберілген күннен бастап және қажетті ақпарат ұсынылғанға дейін экономикалық сараптама жүргізу мерзімі тоқтатыла тұрады.

Бюджеттік кредит ҚЭН-нің, оның ішінде түзетілген ҚЭН-нің экономикалық сараптамасының нәтижесі оң қорытынды немесе теріс қорытынды немесе пысықтауға жіберілген қорытынды болып табылады.";

"182-47. Бюджеттік кредит ҚЭН-нің экономикалық сараптамасының қорытындысы(бұдан әрі-Қорытынды):

- 1) тақырыпты;
- 2) "Жобаның қысқаша сипаттамасы" деген бөлімді;
- 3) "Тұжырымдар" деген бөлімді;
- 4) қойылған қолдарды;

- 5) күнін;
- 6) мекенжайды;
- 7) Қорытындыға "Құжаттар" деген 1-қосымшаны;
- 8) Қорытындыға "Жүзеге асатындығы" деген 2-қосымшаны;
- 9) Қорытындыға "Тиімділік" деген 3-қосымшаны;
- 10) Қорытындыға "Өтемділік" деген 4-қосымшаны;
- 11) Қорытындыға "Кредит төлеу қабілеттілігі" деген 5-қосымшаны қамтиды.

Қорытындыда жобаның атауы, сондай-ақ Қорытындыны дайындаған үйымның атауы көрсетілген тақырыбы болады.

"Жобаның қысқаша сипаттамасы" деген бөлімде бюджеттік кредиттің ҚЭН-не сәйкес мынадай ақпарат көрсетіледі:

- 1) жобаның атауы;
- 2) ББӘ-нің атауы;
- 3) қаржылық схемаға қатысуышылардың атаулары;
- 4) бюджеттік кредит берудің мақсаты;
- 5) қаржыландыру жылдары бойынша бөліп көрсетілген жобаның жалпы құны;
- 6) жобаны қаржыландыру көздері мен нысаны;
- 7) бюджеттік кредит беру шарттары.

"Тұжырымдар" деген бөлім мынадай құрылымға сәйкес келеді:

1) бюджеттік кредиттеу арқылы жобаның іс-шараларын іске асырудың экономикалық және әлеуметтік тиімділігі туралы ақпарат, жобаның тікелей және түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізу мүмкіндіктері келтірілген "Тиімділік" деген тарау;

2) қаржылық схемаға қатысуышылардың қаржылық есептілігін талдау және бюджеттік кредит ТЭН-і іс-шараларының қаржылық тиімділігі туралы ақпарат келтірілген "Өтемділік" деген тарау.

Қорытындыға "Құжаттар" деген 1-қосымша:

1) экономикалық сараптама жүргізу кезінде назарға алынған құжаттар мен материалдар тізбесін:

экономикалық сараптама жүргізу үшін қарастырылған құжаттарды; нормативтік құқықтық актілерді;

2) ұсынылған құжаттардың құрамы мен мазмұнына ескертулерді қамтиды.

Қорытындыға "Жүзеге асатындығы" деген 2-қосымша:

1) қолданыстағы заңнама шеңберінде жобаны іске асыру мүмкіндігін талдауды;

2) жобаның институционалдық схемасын бағалауды қамтиды.

Қорытындыға "Тиімділік" деген 3-қосымша:

1) жобаны іске асыру шеңберінде өндіруге (көрсетуге) жоспарланған тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) сұранысты талдауды;

2) жобаны іске асырудың әлеуметтік және экономикалық тиімділігін талдауды, оның ішінде жоба бойынша пайдалар мен шығындарды талдауды;

- 3) жобаны іске асырудың бюджеттік тиімділігін талдауды;
 - 4) жобаның тікелей және түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізу мүмкіндігін, сондай-ақ болған кезде тиімділік пен сапа көрсеткіштерін талдауды қамтиды.
- Қорытындыға "Өтемділік" деген 4-қосымша:
- 1) бюджеттік кредит мөлшерінің негізділігін талдауды;
 - 2) бюджеттік кредит беру шарттарын талдауды;
 - 3) қаржылық модельдің бастапқы деректерінің функционалдық мүмкіндіктерін, дұрыстығын және негізділігін талдауды;
 - 4) қаржылық модельдің қаржылық көрсеткіштерінің тұрақтылығын бағалауды;
 - 5) қаржылық схемаға қатысуышылардың қаржылық есептілігін талдауды;
 - 6) жоба тәуекелдерін және оларды төмендету бойынша шараларды сандық талдауды;
 - 7) жобаның қаржылық схемасына қатысуышылар арасында шекті тәуекелдерді бөлуді талдауды;
 - 8) жобаны іске асырудың коммерциялық тиімділігін талдауды қамтиды.

Қорытындыға "Кредит төлеу қабілеттілігі" деген 5-қосымша Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 9934 болып тіркелген) Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінде айқындалған өлшемшарттарға сәйкес қарыз алушының кредит төлеу қабілеттілігін бағалауды қамтиды.";

192-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"192. Тоқсан қорытындылары бойынша облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттерінен қаржыландырылатын орталық мемлекеттік органдардың және атқарушы органдардың ішкі бақылау қызметінің БИЖ-ді іске асыру сатысында ықтимал бұзушылықтарды анықтау мақсатында объектілерге бару құқығы бар."

195-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"195. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын БИЖ-ді іске асыру барысы туралы жылдық мониторингті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган мемлекеттік және орыс тілдерінде дайындауды және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдіктеріне жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 10 сәуірінен кешіктірмей ұсынады.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілери БИЖ-ді іске асырылуының жылдық мониторингін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға есепті жылдан кейінгі жылдың 1 сәуіріне дейін ұсынады.

Жиынтық ақпарат мыналарды:

- 1) жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырылатын БИЖ туралы ақпаратты;

2) аяқталған және жалғастырылатын жобалар, әзірленетін ЖСҚ саны бойынша ақпаратты;

3) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет қаражаты және облыстық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансфертері мен кредиттер есебінен қаржыландырылатын БИЖ тізбесі, қаржыландыру жоспарының сомалары, іс жүзінде атқарылуы, аяқталған жобалардың саны, сомалары және игерілмеу себептері туралы ақпаратты қамтиды.";

211-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"211. Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансфертері мен кредиттер есебінен іске асырылатын республикалық БИЖ және жергілікті БИЖ-дің іске асырылуын бағалау бойынша жиынтық есепті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 25 шілдесіне дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады.

Жергілікті БИЖ-дің іске асырылуын бағалау бойынша жиынтық есепті бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган есепті жылдан кейінгі жылдың 25 шілдесіне дейін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдіктеріне ұсынады.";

219 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"219. Тоқсанның қорытындылары бойынша орталық мемлекеттік органдардың және облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың ішкі бақылау қызметтері жобаларды іске асыру сатысында ықтимал бұзушылықтарды анықтау мақсатында объектілерге шығады.

Ішкі бақылау қызметінің қорытындысы анықталған бұзушылық фактілері туралы ақпаратты, сондай-ақ проблемаларды шешу және жою бойынша ұсынымдар мен шараларды қамтиды.

Анықталған бұзушылық фактілері туралы ақпаратты ішкі бақылау қызметі тиісті органның бірінші басшысына ұсынады.";

222-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"222. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын Инвестициялардың іске асырылу барысы туралы жылдық мониторингті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган мемлекеттік және орыс тілдерінде дайындауды және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдіктеріне жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 20 сәуірінен кешіктірмей ұсынады."

238 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"238. Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансфертері мен кредиттер есебінен іске асырылатын республикалық Инвестициялардың және

жергілікті Инвестициялардың іске асырылуын бағалау бойынша жиынтық есепті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 1 тамызына дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады.

Жергілікті Инвестициялардың іске асырылуын бағалау бойынша жиынтық есепті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 1 тамызына дейін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың әкімдіктеріне ұсынады.";

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымшаның 2 кестесін осы бұйрыққа 1-қосымшадағы сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 3-1 қосымшада:

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жобаларды алғашқы іріктеу инвестициялар объектісін МЖӘ-ге беру шектеулерінің болмауы, инвестициялар объектісі меншігінің өлшемшарты, сондай-ақ инвестиляларға деген қажеттіліктің болуы сияқты заң өлшемшарттары негізінде жүзеге асырылады.

Егер инвестициялар объектісі ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 6 қарашадағы № 710 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті іске асыру үшін, оның ішінде концессияға берілмейтін объектілер тізбесіне енгізілсе, онда жобаның бюджеттік инвестициялар арқылы іске асырылуы қарастырылады.

Егер инвестициялар объектісі мемлекеттік кәсіпорынның балансында болса және жоба инвестициялар объектісін ішінера жақсартуды (ішінера жаңғыртуды) болжаса, онда жобаның бюджеттік инвестиция арқылы іске асырылуы қарастырылады.

Егер жоба бойынша бюджеттік инвестициялар және/немесе инвестициялық шығындар өтемақысын төлеу болжанбаса, онда жобаны МЖӘ арқылы іске асыру қарастырылады.

4. БТК - бюджеттік тиімділіктің коэффициенті;

БИБКj - j кезеңінде БИЖ не МЖКК арқылы іске асырудан мемлекеттік бюджетке (республикалық, сол сияқты жергілікті) түсімдер;

БИБШj - j кезеңінде жобаны іске асыруға (инвестициялық, сол сияқты пайдалану барысында) бағытталған қарожат;

БКмжәj - j кезеңінде МЖӘ арқылы жобаны іске асырудан мемлекеттік (республикалық, сол сияқты жергілікті) бюджетке түсімдер;

БШмжәj - j кезеңінде МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер;

Ст - дисконттау мөлшерлемесі.

Дисконттау мөлшерлемесінің мәнін инвестициялық ұсынысты әзірлеу күніне ҚР Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің мәніне тең не Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамына сәйкес болжамдалған инфляцияның орташа мәніне тең таңдау ұсынылады.

Егер $K_{bt} > 0$, онда МИЖ-ді бюджеттік инвестиция ретінде іске асыру қарастырылады;

Егер $K_{bt} \leq 0$, онда МИЖ-ді бірінші кезекте МЖӘ жобасы ретінде іске асыру қарастырылады".

2. "Концессиялық жобаларды жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы № 157 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10122 болып тіркелген, 2015 жылғы 20 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Концессионерді таңдау жөніндегі конкурсты өткізу қағидалары:

мынадай мазмұндағы 62-1, 62-2, 62-3, 62-4, 62-5, 62-6 және 62-7 тармақтарымен толықтырылсын:

62-1. Шарт шеңберінде қабылданған концессионер мен концеденттің міндеттемелерінің мерзімі өткеннен кейін және толық орындалғаннан кейін шарт тоқтатылады.

62-2. Концессионер кредиторлар алдындағы және (немесе) концессия шарты бойынша өзінің міндеттемелерін орындаған немесе тиісінше орындаған жағдайда, кредитормен келісу бойынша концессионерді ауыстыруға жол беріледі, ол концессионердеконцессионерді ауыстыру мақсатында концеденттің конкурс өткізуі арқылы жүзеге асырылады.

62-3. Концессионерді ауыстыру кезінде инвестициялық ұсыныс өзірленбейді.

- 1)концессионердің концессия шартының талаптарын бұзыу;
- 2)концессионердің қаржылық жағдайының нашарлауы;
- 3)концессионерінің оңалту және банкроттық рәсімдерге бастамашылық жасауы.

62-4. Концессия шарты бойынша концессионерді ауыстыру концеденттің концессионерді ауыстыру мақсатында конкурс өткізуі арқылы жүзеге асырылады.

Бұл ретте конкурсқа қойылатын мынадай талаптарды сақтау қажет:

1)концессия шарты бойынша концессионерді ауыстыру мақсатында өткізілетін конкурстың түрі, конкурстың шарттары мен өлшемшарттары концессия шарты жасалған жобаны іске асыру туралы шешіммен белгіленеді;

2) концессионерді ауыстыру мақсатында конкурстың құжаттама ережесінің негізінде өткізілетін конкурстың ережелері қайталама конкурсты өткізу кезінде концессионердің іс жүзінде орындаған шарт талаптары ескеріле отырып өзгеретін осындағы конкурстың ережелерін, оның ішінде өлшемшарт параметрлерін қоспағанда, концессия шарты жасалған алдыңғы конкурстың конкурстың құжаттамасының ережелеріне сәйкес келуі тиіс;

3)осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген конкурс шарттарымен қатар, концессионер кредиторымен келісілген тәртіpte және шарттарда, келісім бойынша

концессионерді ауыстыру мақсатында конкурс өткізуге арналған конкурстық құжаттамада көзделген концессионердің концессионер кредиторы алдындағы міндеттемелерді орындауы бойынша конкурс женімпазының міндеттемелері концессионерді ауыстыру мақсатында өткізілетін конкурстың шарты болып табылады.

4)конкурстық құжаттама жаңа орындаушының кредиторлар алдындағы міндеттемелерін олармен келісілген тәртіpte және шарттарда орындауы жөніндегі талапты қамтуға тиіс.

Концессионерді ауыстырған жағдайда шарттың талаптары концессионердің конкурсты өткізу кезіндегі келісім бойынша міндеттемелерін нақты орындағаны туралы деректері негізінде, сондай-ақ конкурс женімпазының концессионерді ауыстыру мақсатында берген және келісім шартымен салыстырғанда негұрлым жақсы талаптарды қамтитын ұсыныстары ескеріле отырып, өзгереді.

Шартқа енгізілетін және осы шарт талаптарының өзгеруіне байланысты болатын өзгерістер бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілдегі орган немесе оның аумақтық бөлімшесінде тіркеуге жататын, концессия шартына концессионерді ауыстыру туралы қосымша шартпен ресімделеді.

62-5. Ауыстыруға жататын концессионердің концессия шарты бойынша құқықтары мен міндеттері шарт бойынша міндеттемелер орындалғаннан кейін, концессия шарты бойынша адамды ауыстыру туралы шарт жасалған сәттен бастап тоқтатылады.

Концессионерді ауыстыру туралы қосымша шарт тіркелген күннен бастап 10 (он) күн ішінде концессия объектісі жаңа концессионерге қабылдау-тапсыру актісіне (бұдан әрі - Акт) сәйкес беріледі.

Акт ауыстыруға жататын концессионердің концессия объектісіне меншік құқығын тоқтатуға және жаңа концессионердің концессия объектісіне меншік құқығының пайда болуына негіз болып табылады.

62-6. Шарт бойынша құқықтар мен міндеттер өтетін концессионер концессия саласындағы заңнама мен конкурстық құжаттамада белгіленген концессионерлерге қойылатын талаптарға сәйкес келуге тиіс.

62-7. Концессионерді ауыстыру бойынша конкурсты өткізу кезінде және концессионерді ауыстыру туралы қосымша шартқа қол қойылғанға дейін концессия объектісін басқаруды ауыстырылатын концессионер жүзеге асырады.

мынадай мазмұндағы 64-тармақпен толықтырылсын:

"64. Жергілікті бюджет қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда, валюталық тәуекелдерге байланысты шығыстарды өтеуді қоспағанда, ерекше маңызы бар жергілікті концессиялық жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелер жергілікті бюджет қаражаты есебінен өтеледі.

Ерекше маңызы бар жергілікті концессиялық жобалардың валюталық тәуекелдерін өтеу бойынша шығыстар осы шығыстарды жергілікті бюджет қаражаты есебінен өтеудің мүмкін еместігін раставу болған жағдайда ғана, сондай-ақ ерекше маңызы бар

концессиялық жобалар жөніндегі комиссияның және республикалық бюджет комиссиясының шешімі негізінде республикалық бюджет қаражаты есебінен өтеледі.";

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Концессиялық жобаларды ерекше маңызы бар санатқа жатқызу өлшемшарттары осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

3. "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12717 болып тіркелген, 2016 жылғы 4 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 5-1 тараumen толықтырылсын:

"5-1-тарау. Жекеше әріптестің кредиторға мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша өзінің құқықтарын кепілге беруі, инвестициялық шығындардың өтемақысын есепке жатқызуға арналған шотты қолдану, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша жекеше әріптесті ауыстыру және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда тараптардың шығыстарын өтеу.

171-1. Жекеше әріптес МШӘ шарты бойынша ақшалай түсімдер бойынша өзінің талап ету құқықтарын МШӘ жобасын іске асыру үшін қарыздық қаржыландыруды тарту мақсатында ғана кепілге беруге құқылы.

171-2. Жекеше әріптестің МШӘ шарты бойынша өзінің құқықтарын кредиторға кепілге беруі Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

171-3. МЖӘ-нің пайдалануға берілген объектілері бойынша ИШӘ төлеу МШӘ шартының талаптарында көзделген сомалар мен мерзімдер шегінде толық көлемде жүзеге асырылады.

171-4. Мемлекеттік әріптес МШӘ шартында көзделген ИШӘ түріндегі талап ету құқығының кепілімен жекеше әріптес қарыз қаражатын тартқан кезде, ИШӘ есепке жатқызуға арналған шотқа ИШӘ түріндегі ақшалай төлемдерді жібереді.

171-5. ИШӘ есепке жатқызуға арналған шот жекеше әріптес МШӘ шартында көзделген ИШӘ түріндегі ақшалай түсімдер бойынша талап ету құқығының кепілімен қарыздық қаржыландыруды тартқан жағдайда кредитор-банкте ашылады.

171-6. ИШӘ есепке жатқызуға арналған шоттан ақша қаражаты тек мына шығыс операциялар үшін ғана пайдаланылады:

1) қаржыландыру шартына сәйкес МЖӘ жобасын іске асыру үшін тартылған негізгі борышты, мерзімі өткен негізгі борышты, капиталдандырылған негізгі борышты және қарыз бойынша капиталдандырылған сыйақыны өтеу;

2) кредитормен келісу бойынша жекеше әріптестің негізгі шотына ақша қаражатының қалған бөлігін төлеу.

171-7. ИШӘ есепке жатқызуға арналған шот ИШӘ түріндегі ақшалай түсімдер бойынша талап ету құқығы кепілімен МЖӘ жобаларын қаржыландыру кезінде кредитордың құқықтарын қорғау мүдделерінде пайдаланылады. ИШӘ есепке жатқызуға арналған шотты өзге мақсаттарда қолдануға жол берілмейді.

171-8. Жекеше әріптес кредиторлар алдындағы және (немесе) МЖӘ шарты бойынша өзінің міндеттемелерін орындаған немесе тиісінше орындаған жағдайда, кредитормен келісу бойынша жекеше әріптесті ауыстыруға жол беріледі, ол мемлекеттік әріптестің жекеше әріптесті ауыстыру мақсатында конкурс өткізуі арқылы жүзеге асырылады.

Жекеше әріптесті ауыстыру кезінде инвестициялық ұсыныс әзірленбейді.

171-9. Жекеше әріптестің міндеттемелерін тиісінше орындаудың мыналар жатады

- : 1) жекеше әріптестің МЖӘ шартының талаптарын бұзуы;
- 2) жекеше әріптестің қаржылық жағдайының нашарлауы;
- 3) жекеше әріптестің оңалту және банкроттық рәсімдерге бастамашылық жасауы.

171-10. Жекеше әріптесті МЖӘ шарты бойынша ауыстыру мемлекеттік әріптестің конкурс өткізуі арқылы жүзеге асырылады.

Бұл ретте конкурсқа қойылатын мынадай талаптарды сақтау қажет:

1) МЖӘ шарты бойынша жекеше әріптесті ауыстыру мақсатында өткізілетін конкурстың түрі, конкурстың шарттары мен өлшемшарттары МЖӘ шарты жасалған жобаны іске асыру туралы шешіммен белгіленеді;

2) оның негізінде жекеше әріптесті ауыстыру мақсатында өткізілетін конкурстың конкурстық құжаттамасының ережелері қайталама конкурсты өткізу кезінде жекеше әріптестің іс жүзінде орындаған шарт талаптары ескеріле отырып, өзгеретін осындай конкурстың ережелерін, оның ішінде өлшемшарт параметрлерін қоспағанда, МЖӘ шарты жасалған алдындағы конкурстың конкурстық құжаттамасының ережелеріне сәйкес келуге тиіс;

3) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген конкурс шарттарымен қатар, келісім бойынша жекеше әріптесті ауыстыру мақсатында конкурс өткізуге арналған конкурстық құжаттамада көзделген жекеше әріптестің кредиторымен келісілген тәртіпте және шарттарда жекеше әріптестің кредитор алдындағы өзінің міндеттемелерін орындауды жөніндегі конкурс жеңімпазының міндеттемелері жекеше әріптесті ауыстыру мақсатында өткізілетін конкурстың шарты болып табылады.

4) конкурстық құжаттама жаңа орындаушының кредиторлар алдындағы міндеттемелерін олармен келісілген тәртіпте және шарттарда орындауды жөніндегі талапты қамтуға тиіс.

Жекеше әріптесті ауыстырған жағдайда шарттың талаптары жекеше әріптестің конкурсты өткізу кезіндегі келісім бойынша міндеттемелерін нақты орындағаны туралы деректері негізінде, сондай-ақ конкурс женімпазының жекеше әріптесті ауыстыру мақсатында берген және келісім шартымен салыстырғанда неғұрлым жақсы талаптарды қамтитын ұсыныстар ескеріле отырып, өзгереді.

Шартқа енгізілетін және шарт талаптарының өзгеруіне байланысты өзгерістер бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшесіде тіркеуге жататын, МЖӘ шартына жекеше әріптесті ауыстыру туралы қосымша шартпен ресімделеді.

171-11. Ауыстыруға жататын жекеше әріптестің МЖӘ шарты бойынша құқықтары мен міндеттері шарт бойынша міндеттемелері орындалғаннан кейін, МЖӘ шарты бойынша адамды ауыстыру туралы келісім жасалған сәттен бастап тоқтатылады.

Жекеше әріптесті ауыстыру туралы қосымша шарт тіркелген күннен бастап 10 (он) күн ішінде МЖӘ объектісі жаңа жеке әріптеске қабылдау-тапсыру актісі бойынша беріледі.

Акт ауыстыруға жататын жекеше әріптестің МЖӘ объектісіне меншік құқығын тоқтату үшін және жаңа жекеше әріптестің МЖӘ объектісіне меншік құқығының туындауына негіз болып табылады.

171-12. Шарт бойынша құқықтар мен міндеттер ауысатын жекеше әріптес МЖӘ саласындағы заңнамада және конкурстық құжаттамада белгіленген, жекеше әріптеске қойылатын талаптарға сәйкес келуге тиіс.

171-13. Жекеше әріптесті ауыстыру бойынша конкурсты өткізу кезінде және жекеше әріптесті ауыстыру туралы қосымша шартқа қол қойылғанға дейін МЖӘ объектісін басқаруды ауыстыруға жататын жекеше әріптес жүзеге асырады.

171-14. Жекеше әріптестің кредиторы қарызы қарражатын мақсатты пайдалануды бақылау үшін МЖӘ объектісін салуды/реконструкциялауды/жаңғыртууды/құруды техникалық қадағалауды жүзеге асыратын компанияны тағайындауға қатысуға құқылы.

171-15. МЖӘ жобаларын қаржыландыру кезінде жекеше әріптесті кезең-кезеңімен (транштық) қаржыландыру ұсынылады.

171-16. Кезең-кезеңімен қаржыландыру кезінде техникалық қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік әріптес пен компания кезекті траншты берердің алдында жекеше әріптестің алдындағы траншты мақсатты пайдаланғанын растьайды.

171-17. Мемлекеттік әріптестің кінәсінен МЖӘ шартында келісілген мерзім ішінде МЖӘ шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда (бұзылған күннен бастап күнтізбелік 270 (екі жүз жетпіс) күннен аспайтын мерзімде) мемлекеттік әріптес инвестициялық шығындардың өтемақысын есепке жатқызу үшін шотқа мемлекеттік әріптес төлеген төлемдерді шегере отырып, МЖӘ объектісін салуға/реконструкциялауға/жаңғыртуға/құруға байланысты жұмсалған және дәлелденген құрделі шығыстардың жиынтық мөлшеріне тең келетін соманы төлейді.

171-18. Жекеше әріптестің кінәсінен МЖӘ шартында келісілген мерзім ішінде жобаның инвестициялық фазасында МЖӘ шарты тоқтатылған жағдайда (бұзылған күннен бастап күнтізбелік 270 (екі жүз жетпіс) күннен аспайтын мерзімде) мемлекеттік әріптес инвестиациялық шығындардың өтемақысын есепке жатқызу үшін шотқа мемлекеттік әріптес төлеген төлемдерді шегере отырып, МЖӘ объектісін салуға/реконструкциялауға/жаңғыртуға/құруға байланысты барлық жұмсалған және дәлелденген күрделі шығыстардың 90% дейінгі жиынтық мөлшеріне тең келетін соманы төлейді. Бұл ретте төлемдер сомасы бастапқыда МЖӘ шартында көзделген инвестиациялық шығындардың өтемақы сомасынан аспауға тиіс.

171-19. Жекеше әріптестің кінәсінен МЖӘ шартында келісілген мерзім ішінде жобаны пайдалану фазасында МЖӘ шарты тоқтатылған жағдайда (бұзылған күннен бастап күнтізбелік 270 (екі жүз жетпіс) күннен аспайтын мерзімде) мемлекеттік әріптес инвестиациялық шығындардың өтемақысын есепке жатқызу үшін шотқа мемлекеттік әріптес төлеген төлемдерді шегере отырып, МЖӘ объектісін салуға/реконструкциялауға/жаңғыртуға/құруға байланысты барлық жұмсалған және дәлелденген күрделі шығыстардың 100% дейінгі жиынтық мөлшеріне тең келетін соманы төлейді. Бұл ретте төлемдер сомасы бастапқыда концессия шартында көзделген инвестиациялық шығындарды өтеу сомасынан аспауға тиіс.

171-20. МЖӘ шартында айтылған мерзім ішінде форс-мажорлық жағдайлар бойынша, МЖӘ шарты тоқтатылған жағдайда (бұзылған күннен бастап күнтізбелік 270 (екі жүз жетпіс) күннен аспайтын мерзімде) мемлекеттік әріптес инвестиациялық шығындардың өтемақысын есепке жатқызу үшін шотқа мемлекеттік әріптес төлеген төлемдерді шегере отырып, МЖӘ объектісін салуға/реконструкциялауға/жаңғыртуға/құруға байланысты барлық жұмсалған және дәлелденген күрделі шығыстардың 100% дейінгі жиынтық мөлшеріне тең келетін соманы төлейді. Бұл ретте төлемдер сомасы бастапқыда МЖӘ шартында көзделген инвестиациялық шығындардың өтемақы сомасынан аспауға тиіс. Мерзімінен бұрын тоқтатуға арналған төлем МЖӘ шартында көзделген инвестиациялық шығындардың өтемақы сомасынан аспауға тиіс.

1-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін құру және (немесе) реконструкциялау құнын, мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектілерін мемлекеттік қолдаудың жиынтық құнын және шығындарын өтеу көздерін анықтау әдістемесінде:

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. МЖӘ жобалары бойынша инвестиациялық шығындар өтемақысының (бұдан әрі - ИШӘ) сомасы МЖӘ объектісін пайдалану кезеңі ішіндегі төлемдердің жиынтық шамасына тең.

Инфляцияны ескере отырып, жыл сайынғы ИШӘ төлеу мына формулалар бойынша есептеледі:

$$a_i = \frac{K_i}{n-i+1},$$

ИШӨ төлемінің жиынтық көлемі мына формула бойынша есептеледі:

$$I = \sum_{i=1}^n a_i, \text{ мұнда:}$$

ai - n -ші жылға ИШӨ төлемі;

Ki - i -ші жылғы инфляцияны және мына формуламен есептелетін төлемдерді қоса алғанда, i - ші жылдың соңына МЖӘ объектісінің қалдық сомасы:

$$K_i = (K_{i-1} - a_{i-1})(1 + x_i), \quad (K_1 = C(1 + x_1));$$

xi - Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органды мақұлдаған, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға жататын Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық болжамына сәйкес -ші жылға инфляцияның болжамды мөлшерлемесі;

n - ИШӨ төлемінің соңғы жылы;

I - жобаның бүкіл кезеңіне ИШӨ төлемінің жиынтық көлемі;

C - МЖӘ объектісінің құны;

Егер бір жылда ИШӨ төлемдері бір реттен артық жүргізілетін болса, онда оның есебі мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$a_i = \frac{K_i}{k-i+1},$$

ИШӨ төлемінің жиынтық көлемі мына формула бойынша есептеледі:

$$I = \sum_{i=1}^k a_i, \text{ мұнда:}$$

C - МЖӘ объектісінің құны;

ai - n -ші кезеңде ИШӨ төлемі;

Ki - i -ші кезеңінде инфляциясын және мына формуламен есептелетін төленген төлемдерді ескере отырып, i - ші кезең соңына МЖӘ объектісінің қалдық құны:

$$K_i = (K_{i-1} - a_{i-1})(1 + y_i), \quad (K_1 = C(1 + y_1));$$

n - ИШӨ төлемінің соңғы жылы;
 k - ИШӨ төлемдерін жүзеге асыру кезеңдерінің саны;
 m - бір жыл ішінде жүзеге асырылатын ИШӨ төлемдер саны;
 онда,

$$k = mn,$$

у_i - -j-шы жылдың n-ші кезеңіне инфляция мөлшерлемесі мына формула бойынша есептеледі:

$$y_i = \frac{x_j}{m},$$

бұл ретте бір жылдың ішінде инфляция мөлшерлемесі --шы кезеңге бірдей;

x_j - Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органды макұлдаған, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға жататын Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық болжамына сәйкес-ші жылға инфляцияның болжамды мөлшерлемесі;

I - жобаның бүкіл кезеңіне ИШӨ төлемінің жиынтық көлемі.;"

Қазақстан Республикасы
 Ұлттық экономика министрінің
 2018 жылғы 5 қыркүйектегі
 № 14 бұйрығына
 1-қосымша

Мемлекеттік инвестициялық
 жобаның инвестиациялық
 ұснысын әзірлеу немесе
 түзету, оған қажетті
 сараптамаларды жүргізу,
 сондай-ақ бюджеттік
 инвестицияларды жоспарлау,
 қарau, іріктеу, іске асырылуын
 мониторингілеу және бағалау
 және бюджеттік кредиттеудің
 орындылығын айқындау
 қағидаларына
 2-қосымша

2-кесте

"Жобаның экономикалық тиімділігінің көрсеткіштерін есептеу" нысаны

№	Атауы	Ескертпе (негіздеме)	1	2	3	...	n
1.	Экономикалық пайдалар						

1)	Тікелей ақша ағындары оның ішінде: жобаны іске асырудан шоғырландырылған бюджетке түсетін түсімдер				
2)	Жанама экономикалық пайдалар				
2.	Экономикалық шығындар				
1)	Инвестициялық шығындар/Инвестициялық шығындарды өтеу				
2)	Пайдалану шығындары/Операциялық шығындарды өтеу				
3)	Жанама экономикалық шығындар/Басқару сыйақысы				
3.	Таза экономикалық ағын жиыны				
4.	Таза дисконтталған экономикалық ағын жиыны				
5.	Экономикалық таза дисконтталған кіріс (ENPV)				
6.	Экономикалық ішкі кірістілік нормасы (EIRR)				
7.	Өзін-өзі ақтау мерзімі (PP)				

Ескертпе:

Бұл нысан МИЖ қаржыландырудың әрбір әдісі бойынша бөлек толтырылады (бюджеттік инвестициялық жоба, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялар, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы, оның ішінде концессиялық жоба, бюджеттік кредит, жеке инвестициялар).

1-тармақтың 1) тармақшасында инвестициялықтан кейінгі кезең ішінде жобаны іске асыруға байланысты барлық ақша түсімдері мен төлемдер көрсетіледі.

1-тармақтың 2) тармақшасында жобаны іске асыруға байланысты барлық пайдалар, оның ішінде барлық инвестициялықтан кейінгі кезеңге айқындалатын қосымша әлеуметтік-экономикалық, экономиканың сабактас салаларындағы (аяларындағы) экологиялық әсерлер көрсетіледі. Барлық пайдалар ақшалай балама түрінде келтіріледі (мың теңге).

1-тармақта тікелей ақша ағынының және жанама экономикалық пайдалардың жиынтық құны көрсетілді.

2-тармақтың 1) тармақшасында инвестициялық кезеңдегі барлық ақшалай салымдардың, оның ішінде жобалау-іздестіру жұмыстарының, жер участесін сатып алу немесе жалға алу, оның құрылышқа бөлінуі және игерілуінің құны, аумақтарды құрылыш құрылыш-монтаждау жұмыстарына дайындау бойынша жұмыстардың, жабдықтардың және басқалардың құны ескеріле отырып, жобаның құны көрсетіледі.

2-тармақтың 2) тармақшасында объекті пайдалануға берілген кезден бастап оны сүйемелдеуге және/немесе ұстауға бағытталған барлық ақшалай шығындар көрсетіледі.

2-тармақтың 3) тармақшасында барлық болжалды, оның ішінде жобаны іске асырудың салдарларына байланысты әлеуметтік-экономикалық, экологиялық және

пайдалану шығындарын қоспағанда, экономиканың сабактас салаларындағы (аяларындағы) шығындар көрсетіледі. Барлық шығындар ақшалай баламасында келтіріледі (мың теңге).

2-тармақта жобаның инвестициялық және пайдалану шығындарының, жанама экономикалық шығындардың жиынтық құны көрсетіледі.

3-тармақта экономикалық пайда мен шығындардың арасындағы айырмашылық көрсетіледі.

4-тармақта таза экономикалық ағынды мына формула бойынша есептелетін:

$$1 k = \frac{1}{(1+r)^i}$$

коэффициентке көбейту жолымен алғынған мәндер көрсетіледі.

r - осы қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген дисконттау мөлшерлемесі;

i - жобаны іске асыру жылының реттік нөмірі (1-ден n-ге дейін).

5-тармақта 4-тармақта келтірілген таза дисконтталған экономикалық ағынды қосу арқылы алғынған мән көрсетіледі.

6-тармақта экономикалық таза дисконтталған кіріс нөлге тең болған кездегі дисконттау мөлшерлемесін табу жолымен алғынған мән көрсетіледі.

7-тармақта өзін-өзі ақтау мерзімі мына формула бойынша есептеледі:

$$PP = \min n, \text{ бұл ретте } \sum_{i=1}^n CF_i > IC, \text{ мұнда:}$$

IC (Invest Capital) - жобадағы алғашқы инвестициялық шығындар;

CF_i (Cash Flow) - таза пайда мен амортизация сомасын беретін уақыттың i-ші кезеңінде жобадан түсетін ақша ағыны.

Ақша ағынының есептеу үшін мынадай формулаларды қолдану қажет:

$$CF_i = NP + A;$$

немесе

CF_i = K_i - Операциялық шығысылар - Салық төлемдері мен қарыздық капитал бойынша төлемдер

мұнда:

A (Amortization) - амортизация, шығындар болып табылмайтын ақша ағынының түрі;

NP (Net Profit) - инвестициялық жобаның таза пайдасы.

* Керектісін тандау қажет

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2014 жылғы 22 желтоқсандағы
№ 157 бұйрығына
8-косымша

Концессиялық жобаларды ерекше маңызы бар концессиялық жобалар санатына жатқызу өлшемшарттары

Концессиялық жобаларды ерекше маңызы бар санатқа жатқызу жиынтығы өлшемшарттары мыналар болып табылады:

- 1) концессия объектісінің техникалық күрделілігі*;
- 2) концессиялық жобаны әлеуметтік маңызы бар санатқа жатқызу;
- 3) концессиялық жобаны республикалық меншікке, облыстық маңызы бар қалада орналасқан коммуналдық меншікке жататын объектілер бойынша (жұмыс істеп тұрған немесе салынуы болжанып отырған) іске асыру жоспарланады немесе осы концессиялық жобаларды іске асырудан экономикалық пайда алушылар екі және одан көп облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың субъектілері болып табылады;
- 4) концессия объектісін құру (реконструкциялау) құны 4 000 000 айлық есептік көрсеткіштен астам көрсеткішті құрайды.

Ескертпе:

* "Қазақстан Республикасындағы сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес объект құрылышының техникалық күрделілігі жауапкершіліктің бірінші деңгейі - жоғарыға жатқызылатын жағдайда

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 5 қыркүйектегі
№ 14 бұйрығына
3-косымша

Мемлекеттік-жекешелік
әріптестік жобаларын жоспарлау
және іске асыру қағидаларына
1-косымша
Нысан

_____ жағдайға (ақпарат берудің есепті күні көрсетіледі) (бұдан әрі-МЖӘ)
жобалары бойынша _____ жергілікті атқарушы органдар/орталық мемлекеттік органдар ақпарат

p/ c №	МЖӘ шарты бойынша жобаның атауы	Экономика саласы (аясы)	Жоба денгейі	Бастаманың түрі	Келісімшарт түрі	Мемлекеттік әріпtes	Жеке әріпtes	Жобаның құны мың теңге

Жоба	Объектілер					Жобаның жалпы құны	Тартылған инвестициялар көлемі	Мемлекеттік міндеттік көлемі
------	------------	--	--	--	--	--------------------------	--------------------------------------	------------------------------------

кестенің жалғысы

Мемлекеттік колдау шаралары	Жобаның куаты	Жобаны іске асыру мерзімі			Жоба бойынша ақпарат (шарт жасасқан күні және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінде тіркеу)	Тегі.Аты.Әкесінің аты.(болған жағдайда), жауапты адамдардың байланыс деректері
		Кұрылыш кезеңі	Колдану кезеңі	Ағымдағы кезең		

Ескертпе:

Ақпарат MicrosoftOfficeExcel форматында ұсынылады,
қарпі - TimesNewRoman қарпі, мөлшері - 14.

Нысанды толтыру бойынша түсіндірме.

"Жоба" бағанында МЖӘ жасасқан шартқа сәйкес жобаның атауы көрсетіледі.

"Объектілер" бағанында, егер жобада бірнеше объект болса, олардың атаулары көрсетіледі.

"Экономика саласы (аясы)" бағанында мынадай экономика салаларының (аяларының) біреуі көрсетіледі: тұрғын үй құрылышы; денсаулық сақтау; инфрақұрылым; мәдениет; білім беру; қоғамдық тәртіпті қорғау; қоршаған ортаны қорғау; жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары; ауыл шаруашылығы; әлеуметтік сала; құрылыш; көлік және логистика; туризм; дene шынықтыру және спорт; энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы.

"МЖӘ жобасының деңгейі" бағанында МЖӘ жобасының республикалық не жергілікті деңгейі көрсетіледі.

"Бастаманың түрі" бағанында жеке немесе мемлекеттік әріптестіктің бастамасы көрсетіледі.

"Келісімшарт түрі" бағанында мемлекеттік-жекешелік әріптестікті жүзеге асыру тәсілдері көрсетіледі.

"Мемлекеттік әріптес" бағанында мемлекеттік әріптес, сондай-ақ мемлекеттік әріптес тарапынан әрекет ететін жауапты адамдардың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), байланыс деректері көрсетіледі.

"Жекеше әріптес" бағанында ұйымның атауы, жеке әріптес, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), жеке әріптес тарапынан әрекет ететін жауапты адамдардың байланыс деректері (МЖӘ жасасқан шарттар бойынша)

"Жобаның жалпы құны" бағанында МЖӘ шартына сәйкес жобаның жалпы сомасы көрсетіледі.

"Тартылған инвестициялар көлемі" бағанында жекеше әріптестің МЖӘ шартына сәйкес салған қаржатының жалпы сомасы көрсетіледі.

"Мемлекеттік міндеттемелердің көлемі" бағанында МЖӘ жасасқан шарттары бойынша мемлекеттік әріптестің белгілі бір күнге қабылданған және орындаған қаржы міндеттемелерінің республикалық не жергілікті бюджеттен бөлінетін мемлекеттік әріптес қабылдаған міндеттемелердің сомасы көрсетіледі.

"Жобаның қуаты" бағанында болған жағдайда МЖӘ объектісі өнімділігінің ең жоғары көрсеткіштері заттай, құндық өлшем бірлігінде, оның ішінде белгілі бір уақыт кезеңіне (аудиосым, тәулік, ай, тоқсан, жыл) жатқызылған мәнде көрсетіледі. Мысалы: бір аудиосымда 500 адам қабылдайтын емхана, 320 орындық балабақша.

"Жобаны іске асыру мерзімі" бағанында мынадай мәртебелер көрсетіледі: құрылыш кезеңі, пайдалану кезеңі, ағымдағы кезең.

"Жоба бойынша ақпарат" бағанында шарттың жасалған күні, шарттың Қазақстан Республикасы қаржы Министрлігінің қазынашылық Комитетінде тіркелген күні көрсетіледі. МЖӘ жобасы туралы ақпаратты қамтитын интернет-ресурсқа қолданыстағы гиперсілтеме көрсетіледі.

"Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болған жағдайда), жауапты адамдардың байланыс деректері" бағанында МЖӘ жобасын сүйемелдейтін уәкілетті мемлекеттік органның жауапты адамының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), жұмыс және ұялы телефон нөмірлері көрсетіледі.